

Ойыл

ОБЛЫС ӘКІМІ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БОЛДЫ

МҮНДА АСХАТ ШАХАРОВ ШИҚУДЫҚ, ҚАРАТАЛ, ОЙЫЛ АУЫЛДАРЫНДА БОЛЫП, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ. СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ЗАЛАЛ КЕЛГЕН САРАЛЖЫН ЖӘНЕ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНА КІРЕБЕРІС КӨПІРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНАТЫН АУМАҚТА ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ БӨЛІНУІН БАҒАМДАДЫ.



Өңір басшысы Шықудық Шықудық ауылына ат басын тіреді. Өйткені, су тасқыны 174 тұрғыны бар ауылдың жолын бұзып кетті. Соның салдарынан тұтас ауыл барлық аймақпен қатынассыз қалды. Жергілікті белсенді азаматтар облыс әкімінен жол мен көпірді қалпына келтіріп беруді сұрады. Жақын күндері елді мекенге жол саласының мамандары келіп, мәселені шешу жолдарын қарастырады.

Шықудық орта мектебіне барған өңір басшысы оқушылармен тілдесті. 9 жылдық білім ордасында 48 бала оқиды, 18 мұғалім дәріс береді. Саманнан салынған мектеп 2000 жылы бой көтерген. Қазір мұнда жаңа мектеп салу қажеттілігі бар. Асхат Шахаров аудан әкіміне бұл мәселені білім басқармасымен келісіп, жоспарға енгізуді тапсырды.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӨПІР-ЛЕРДІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Табиғи апаттан Саралжын ауылдық округі аумағындағы көпір де іске аспай қалды. Қазір халық айналма жолмен қатынап жүр.

2008 жыл салынған көпірдің жалпы ұзындығы – 100 метр. Нысанның тіреуіш бағанала-

ры ауыстырылады. Облыс әкімі құрылыста асықпауды, сапалы материалдар пайдалануды облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына міндеттеді.

Ойыл ауылына кіреберіс көпір де жөндеуді қажет етеді. Мұнда су ағысы қатты болып, көпірдің тірегі істен шыққан еді. Қазір уақытша жол салатын мердігер анықталды. Сонымен қатар техникалық тексеру қорытындысы шыққан соң, құрылыс басталады. «ТенгизСтройСервисГрупп» мекемесі тірек бағаналарының жағдайын тексеріп, жер қыртысын зерттеуде.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕК-КЕНДЕРГЕ 103 МЛН. ТЕҢГЕ ТӨЛЕНДІ

Көктемгі су тасқынында Қаратал ауылында 236 үйді су басты. Материалдық шығынды есептейтін комиссия шешімімен, 19 үй қайта жөнделді.

178 үйдің іргетасы жаңадан қаланады. 34 қараталдық отбасы аудан орталығына көшу туралы шешім қабылдаған. Өңір басшысымен кездесуде тұрғындарды тұрғын үйлер қашан бой көтереді, ауыл

маңында бөгет салына ма деген сұрақтар қызықтырды.

«Өздеріңізге белгілі, су тасқынының салдарын жою – Мемлекет басшысының қатаң бақылауында. Президент айтқандай, табиғи апаттың зардабын көрген әрбір жанға көмек қолын созамыз. Құрылған комиссия шығынды есептеп жатыр, бағасын береміз. Соның негізінде біржолғы әлеуметтік төлемді төлеп жатырмыз. Мүлік жарамсыз болса, жаңадан үй саламыз. Малдың шығыны үш түрлі жолмен есептелуде. Бастысы – ресми ақпарат көздеріне сену, алыпқашпа әңгімелерге сенбеу. Біршама жұмыс істеліп жатыр. Сіздерден де қолдау күтеміз», - деп атап өтті Асхат Шахаров.

Қараталда үйі құлағандардың бірі – 70 жастағы Күләш Рүстенова. Әжей үйіне барған өңір басшысына туған жерінен көшпейтінін жеткізді.

«Судың қарқыны қатты болды. Қалай келгенін байқамай қалдық. Басымыз аман. Жаңадан үй салып береміз деді. Ауылда қаламыз.

Ешқайда көшкіміз келмейді. Қорадағы малдың да өтеуі төленеді екен. Бірреттік төлем – 369 мың теңгені балаларым алыпты, көмек көрсетіліп жа-

тыр», - деді көзіне жас алған Күләш Рүстенова.

Қазіргі уақытта Ойыл ауданы бойынша 100 айлық есептік көрсеткішті құрайтын әлеуметтік төлем 270 отбасыға берілді. Ал, бүлінген мүлікке берілген сома 54 млн теңгеге жуықтайды, оны 17 отбасы алған. Жұмыс сапарының соңында Асхат Шахаров Ойыл ауылында бой көтеретін жаңа үйлерге бөлінген аумаққа барды. Алдын ала есеп бойынша, барлық инфрақұрылымы тартылған бұл жерге Екпета, Жаңабаз және Қаратал ауылының тұрғындары үшін 100-ден аса үй салынады.

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ӨЛГЕН МАЛ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕ БАСТАДЫ

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне су тасқыны салдарынан өлген 165 бас мал үшін 25 миллион теңге аударылды. Жалпы, өңірде 3232 бас мал өлді деген дерек тіркелді. Өртелген 3120 малдың көбі арнайы құрылғы - инсенератормен жойылған.

«Кешегі күннен бастап мал иелеріне өтемақы төлеу басталды. 165 бас малға 25 миллион теңге қаражат бөлінді. Өтінімдерге сәйкес барлығы өтеледі. Шығынның дені – Ойыл ауданында», - дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Құсайын Сәрсембай.

Ойыл ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Асхат Шахаров мал өлекселерінің утилизациялауы барысымен танысты.

Қазірге дейін мал шығыны тіркелген 6 ауданның бесеуінде өлекселерді өртеу жұмыстары толықтай аяқталды. Бұл шараларға республикалық эпизоотияға қарсы отрядтың 19 қызметкері мен облыстағы мамандар тартылған.

Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Айбек Сембайдың айтуынша, көмілген өлекселердің ауаға еш зияны жоқ. Өртенген мал өлекселерінің күлі ор-шұңқырларға топырақпен көмеді. Мұнда дезинфекция жұмыстары жүргізіледі.

АУДАНДА ҚОҒАМДЫҚ ШТАБ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ТУЫНДАҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ, КӘСІПОДАҚ, «АТАМЕКЕН» Өңірлік Кәсіпкерлер Палатасы, Білім, Денсаулық сақтау, Жастар ұйымдарының өкілдері, Медиаторлар, Дін саласы өкілдері мен тиісіні атқарушы билік өкілдері күш біріктірді.



Ойыл аудандық штаб Жолмырзаев көшесі, 16 мекен-жайында «Аманат» партиясының ғимаратында орналасқан. Штаб іс-шараларды үйлестіруге және су тасқыны кезінде зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге бағытталған. Басты мақсат - табиғи апат салдарынан зардап шеккен азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету.

18 сәуір күні Ойыл аудандық қоғамдық штаб мүшелері аудан орталығындағы Ойыл кәсіптік колледжінде орналасқан эвакуациялық пунктке барып, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындармен жүздесіп, қолдау білдіріп, эвакуациялық пункттегі жәй-күйге бақылау жүргізді.

Қазіргі таңда аталмыш эвакуациялық пунктте 29 адам бар, оның 13-і балалар. 19 сәуір күні аудандық қоғамдық штаб мүшелері су тасқынынан зардап шеккен Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылына барды. Алдымен ауыл мектебі ғимаратында орналасқан эвакуациялық пунктке штаб құрамына енген медиаторлар халыққа түсінік жұмыстарын жүргізіп, аудандық аурухананың психолог, эпидемиолог мамандары өз кеңестерін берді. Штаб мүшелері ауыл тұрғындарының уақытша орналасқан тұрғын-жайларында болып, тұрғындардың көңіл-күйін біліп, олардың арыз-өтініштеріне құлақ түрді.

Қоғамдық штаб мүшелері топ-топқа бөлініп, Қаратал ауылындағы 16 көше бойынша суға кеткен үйлерді аралады. Арнайы сауалнама жүргізіліп, тұрғындардың қазіргі ахуалы, мемлекеттен берілген біржолғы төлемнің берілу барысын, келіп жеткен гуманитарлық көмектермен қамтылуын анықтады. Жалпы Қаратал ауылы бойынша 205 шаңырақта 1182 тұрғын тұрады. Қазіргі таңда оның 750-ге жуық тұрғыны ауылға оралған. Сауалнама жүргізу барысында 180-ге жуық тұрғын үй қамтылды. Қазіргі таңда суға кеткен аймақтарды арнайы комиссия мүшелері қарап, тексеріп жатыр. Алдағы уақытта барлық тұрғындарға заңға сәйкес тиісті көмек берілетін болады.

Су тасқынынан зардап шеккен Екпета ауылының тұрғыны, көпбалалы ана, ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен Гүлжан Өтениязова жан-жақтан, Қазақстанның түкпір-түкпірінен қол көмегін созып жатқан барша жанашыр жандарға, ауданның еріктілеріне және қоғамдық штаб мүшелеріне өз алғысын жеткізді.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРБИЕ, ҚАРАОЙ, ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (2024 ЖЫЛҒЫ 12 МАМЫР САЙЛАУ)

2024 ЖЫЛҒЫ 21 СӘУІРДЕГІ САФАТ 18.00-ДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Table with 5 columns: № п/п, Аты, өкесінің аты, тегі, Туған жылы, Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері, кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен. Contains 3 candidates for Sarbie district.

ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Table with 5 columns: № п/п, Аты, өкесінің аты, тегі, Туған жылы, Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері, кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен. Contains 3 candidates for Karaoi district.

ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Table with 5 columns: № п/п, Аты, өкесінің аты, тегі, Туған жылы, Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері, кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен. Contains 3 candidates for Qaiyndy district.

2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады.

ӘДЕПТІЛІК - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҰСТАНЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСҚАННАН БЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИЛІГІМЕН ҚАТАР, ОЛАРДЫҢ ӘДЕПТІЛІГІ МАҢЫЗДЫ. СЕБЕБІ, ӘДЕПТІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ БІРІ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖАҢАША ҰЙЫМДАСТЫРУ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСТЫ ФАКТОР.

Осыған байланысты қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланыста болуды жақсарту, адамға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру бағытында ағымдағы жылдың 22 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің №814 Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

қызметші, ең әуелі халыққа қызмет ететінін естен шығармай, өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін қамтамасыз етуге, қызмет барысында әдептілік нормаларын қатаң сақтауды, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырамауды, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеу керектігін назардан шығармауы тиіс.

сультация беру және болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру; жасы үлкен адамдарға, ардагерлерге, мүгедектерге ізгі ниетпен қарау, оларға қажетті көмекті көрсету. Шағым түскен жағдайда біз туындаған мәселені жылдам шешу үшін бірден шаралар қабылдаймыз және болашақта ұқсас жағдаяттардың алдын аламыз.

тыс уақытта біз өз іс-әрекетіміз бен мінез-құлпымызға жауапты екенімізді, ал, кез келген жағдайда әдеп қағидаттарын сақтау қоғамның мемлекеттік қызметке деген жоғары сенімінің негізі болып табылатындығын есте сақтауымыз қажет.

ТАСҚЫННАН ҚЫРЫЛҒАН ҚҰЖАТСЫЗ МАЛҒА ӨТЕМАҚЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ САЛДАРЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАРИЯЛАНДЫ.



Құжатқа сәйкес, табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған кезде жергілікті деңгейдегі комиссия құрылады. Оған жергілікті әкімдіктердің ішкі істер органдарының (келісім бойынша), қоғамдық ұйымдардың, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталарының және жергілікті қоғамдастық өкілдері кіреді.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ!



Біздің мемлекетіміз басқа елдер секілді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жұмыстарды жүргізеді. Қазіргі таңда Заң азаматтардың құқығымен бостандығын қорғауға, сыбайлас жемқорлық керністерінен шығатын қатерлерден мемлекеттік функцияларды орындайтын лауазымды және басқа да, сонымен қатар, оларға теңестірілген тұлғалардың, мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуін ескерту, анықтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу қажет.

Е. МЕКЕЕВ, ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік инспекторы.

